

2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысы

РҚАО-ның ескертуі. P031327 қаулысын қараңыз

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің 2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 6 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 3 2 7 қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 197к қаулысымен .

101 - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2004 жылға арналған

"Мемлекет Басшысының қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету"

деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

Паспорты

1. Құны: 740684 мың теңге (жеті жүз қырық миллион алты жүз сексен төрт мың т е ң г е) . < * >

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы , "Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық Заңы , "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 28 мамырдағы Заңы , "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы , "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы

Қазақстан Республикасы Президентінің Арнаулы өкілі туралы ереже туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 сәуірдегі N 2955 Жарлығы , "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 15 қазандағы N 702 Жарлығы , "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 11 ақпандағы N 805 Жарлығы , "Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны мен құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 31 наурыздағы N 1327 Жарлығы , "Мемлекеттік қызметшілерді оқыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1706 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекет Басшысының қызметін және Президенттік басқару нысанының жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің және "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Арнаулы өкілінің аппараттарын ұстау, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету аппараттағы мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру, "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Арнаулы өкілінің аппаратын материалдық-техникалық жарақтандыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

N	Бағ. дар. лама	Кіші бағ. дарла	Кіші бағдар. ламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар к о д ы	Іске асыру мерзімі м а к о д ы	Жауапты орындау. шылар
1	2	3	4	5	6	7
1		0 0 1				М е м л е к е т Б а с ш ы с ы н ы ң қ ы з м е т і н і ң ж ұ м ы с і с т е у . і н қ а м т а м а . с ы з е т у
2	001		Орталық орган.	Мемлекеттік орган. жыл бойына	Қазақстан	Республи.
			ның аппараты	ға жүктелген		

функцияларды орын. касы
 дау мақсатында 355 Президент.
 бірлік мөлшерін. інің
 дегі штат саны Әкімшілігі
 шегінде орталық
 органның аппаратын
 ұстау. Қазақстан
 Республикасы
 Жоғары Сот
 Кеңесінің қызметін
 қамтамасыз ету

3	007	Мемлекеттік қызметшілер. Мемлекеттік қызметші. дің білікті. лердің біліктілігін лігін артты. арттыру жоспарына ру байланысты шаралар. дың жүргізілуін қамтамасыз ету	96 адам мөлшерінде жыл бойына Қазақстан Республи. касы Президентінің Әкімшілі. гі
---	-----	--	---

4	009	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтанды. ру	2 компьютер және жыл бойына "Байқо. ңыр" ғарыш ай. лағындағы Қазақстан Республи. к а с ы Президент. т і н і ң Арнаулы өк і л і
---	-----	--	--

5	100	"Байқоңыр" ға. Мемлекеттік органға жылы бойына "Байқо. ңыр" ғарыш айлағын. жүктелген функциялар. дағы арнайы ды орындау мақсатында ғарыш айлағын. өкілдіктің "Байқоңыр" ғарыш дағы аппараты айлағындағы Қазақстан Республикасы Пре. Қазақстан зидентінің Арнаулы Республи.
---	-----	--

өкілінің аппаратын 6 касы
бірлік мөлшеріндегі Президен.
штат санының шегінде тінің
ұстау Арнаулы
өкілі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесіне жүктелген функциялар мен міндеттерді сапалы әрі уақтылы орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 26 желтоқсандағы

N 1327 қаулысына

2-қосымша

101 - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2004 жылға арналған

"Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін

болжамды-талдамалық жағынан қамтамасыз ету"

деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның

Паспорты

1. Құны: 58275 мың теңге (елу сегіз миллион екі жүз жетпіс бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы, "Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 16 маусымдағы N 1235 Жарлығы, "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 тамыздағы N 3614 Жарлығы, "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 тамыздағы N 3614 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 4 мамырдағы N 130 Жарлығы, "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 977 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін болжамды-талдамалық қамтамасыз ету, Қазақстан

Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының материалдық-техникалық базасын нығайту, ұйымдастыру техникасымен және басқа да негізгі жабдықтармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан ішкі және сыртқы саясаттың өзекті мәселелері жөнінде ғылыми-талдамалық ұсыныстарды әзірлеу, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының материалдық-техникалық базасын нығайту, ұйымдастыру техникасымен және басқа да негізгі жабдықтармен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

N	Бағ. дар. лама	Кіші бағ. дарла	Кіші бағдар. ламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындау. шылар
				к о д ы	м а	к о д ы
1	2	3	4	5	6	7
1	002		Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты. ның страте. гиялық аспект. тілерін болжамды- талдамалық жағынан қамтамасыз ету	Қазақстан Республи. касының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерт. теулер институтын 49 бірлік штат саны. ның лимиті шегінде ұстауды қамтамасыз ету. Синхрондық аударма үшін 1 дық, редакциялық баспа кешеніне кітап түптейтін 1 аппарат, аудио жазба үшін 2 магнитофон, 5 дана мөлшерінде сейфтер, 6 ауасүзгіштер сатып	Жыл бойына	Қазақстан Республика. сының Прези. денті жанын. дағы Қазақ. стан страте. гиялық зерт. теулер инсти. туты 1 жаб. а л у

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтына жүктелген функциялар мен міндеттерді сапалы әрі уақтылы орындау, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының материалдық-техникалық базасын нығайту, ұйымдастыру техникасымен және басқа да негізгі жабдықтармен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 26 желтоқсандағы

N 1327 қаулысына

3-қосымша

101 - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2004 жылға арналған

"Мұрағат қорының, баспа басылымдарының сақталуын қамтамасыз ету және оларды арнайы пайдалану"

деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның

Паспорты

1. Құны: 133830 мың теңге (бір жүз отыз үш миллион сегіз жүз отыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Заңы, "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы, "Қазақстан Республикасы Президентінің Архивін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 14 қаңтардағы N 1502 Жарлығы, "Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 15 маусымдағы N 52 ө к і м і .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Президент Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың мұрағат құжаттарын тұрақты мемлекеттік сақтау, ақпарат тасығыштардың барлық түріндегі құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағатында сақталатын құжаттарды мемлекеттік есепке алу, Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу, Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатының материалдық-техникалық базасын нығайту, ұйымдастыру және компьютерлік техникасымен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: құжаттарды толықтыру Президент Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың құжаттамаларын басқару Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін мұрағаттық қамтамасыз ету саласындағы функцияларды орындау құжаттарды мемлекеттік саясатта, экономикада, ғылыми және әлеуметтік-мәдени мақсаттарда пайдалану Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу, Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының материалдық-техникалық базасын нығайту, ұйымдастыру және компьютерлік техникасымен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

N	Бағ. дар. лама	Кіші бағ. дарла	Кіші бағдар. ламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар к о д ы	Іске асыру мерзімі м а к о д ы	Жауапты орындау. шылар
1	2	3	4	5	6	7
1 003			Мұрағат қоры. ның, баспа басылымда. рының сақ. талуын қам. тамасыз ету және оларды арнайы пайдалану	Қазақстан Республ. касы Президентінің Мұрағатын 86 бірлік штат саны лимит шегінде ұстауды қамтамасыз ету. Қазақстан Республ. касы Президенті Мұрағатының ғимара. тына күрделі жөндеу жүргізу. 1 бүгілім салу машинасын, 2 дана мөлшерінде темір шкаф, магниттік көшірмені бейнелеу үшін 1 аппарат, құжаттардың шағын нысанды көшір. месін жасау үшін 1	Жыл бойына 86 бірлік	Қазақстан Республ. касы Президен. тінің Мұра. ғаты

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағатына жүктелген функциялар мен міндеттерді сапалы және уактылы орындау, Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу, Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының материалдық-техникалық базасын нығайту, ұйымдастыру және компьютерлік техникасымен қамтамасыз ету.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2003 жылғы 26 желтоқсандағы

N 1327 қаулысына

3-1-қосымша

Ескерту. 3-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 197х қаулысымен .

101 Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2004 жылға арналған тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау"

004 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 10485 мың теңге (он миллион төрт жүз сексен бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 20 шілдедегі Конституциялық Заңы , "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңы , "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңы , "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы , "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы , "Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының тізілімі мен мемлекеттік саяси қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы N 317 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімін бекіту туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1282 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284

Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің мұражайын құру туралы" 2004 жылғы 28 тамыздағы N 1431 Жарлығы , "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: тарихи-мәдени мұраны сақтауды, есепке алуды, жинақтауды, зерделеу мен пайдалануды қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: тарихи-мәдени құндылықтардың республикалық деңгейде сақталуын қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N р/с	Бағдарла. маның коды	Кіші бағдар. ламаның коды	Бағдар. ламалар дың (кіші бағдар . ламалар . дың) атауы	Бағдарламаларды (кіші іске асыру жөніндегі іс- шаралар	Іске асыру мер. шылар зімі	Жауапты орындау.
----------	----------------------------	------------------------------------	---	---	--	---------------------

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

1	004		Тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау	Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мұражайын бірлік шегінде ұстауды қамтамасыз ету.	4 факс және 6 қағаз	жыл бойы 40 саны Тұңғыш Президентінің мұражайы жөніндегі жұмыстарын сатып алу .
---	-----	--	------------------------------------	--	---------------------	---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің өміріне, мемлекеттік және қоғамдық қызметіне қатысты материалдарды кешенді түрде жинау, жүйелеу, сақтау, зерттеу және

жұртшылыққа танымал ету негізінде тарихи-мәдени және әлеуметтік-саяси ақпаратты жинақтау және зерделеу процесін мәдениеттану және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК